

## Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 14)

| № | Атауы                                                      | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Саны      | Бағасы | Жалпы сомасы     |
|---|------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|--------|------------------|
| 1 | Қабырғалық-төбелік бактерицидтік сәулелендіргіш (1x30-01)  | Сәулелену көздері: 1 дана<br>Өнімділік: 90 м3 /сағ*<br>Қуат тұтыну: 95 Вт<br>Өлшемдері: 110 x 80 x 950 мм<br>Салмағы, артық емес: 2,5 кг                                                                                                                                                                             | 12        | 22 000 | 264 000          |
| 2 | Қабырғалық-төбелік бактерицидтік сәулелендіргіш (2x30-01)  | Сәулелену көздері: 2 дана.<br>Өнімділік: 180 м3 /сағ*<br>Қуат тұтыну: 190 Вт<br>Өлшемдері: 110 x 80 x 950 мм<br>Салмағы, артық емес: 3 кг                                                                                                                                                                            | 4         | 32 700 | 130 800          |
| 3 | Қабырғалық-төбелік бактерицидтік сәулелендіргіш (1x15-01)  | Шамның қуаты-15 Вт<br>Орташа жану ұзақтығы шамдар - 8000 сағ.<br>Жалпы бактерицидтік ағын-3,23 Вт<br>1 м - 0,3 Вт/м. кв қашықтықтағы сәулелену<br>Өнімділік-35 м. текше / сағ<br>Қуат - 220В / 50Гц<br>Электр қауіпсіздігі-1 класс, Н типі<br>Орташа қызмет ету мерзімі-5 жыл<br>Жалпы өлшемдері – 500 x 80 x 110 мм | 33        | 19 700 | 650 100          |
| 4 | 4 шамы бар жылжымалы (2x30-01) бактерицидті сәулелендіргіш | Сәулелену көздері: 4 дана.<br>Өнімділік: 360 м3 /сағ*<br>Қуат тұтыну: 380 Вт<br>Өлшемдері: 300 x 300 x 1050 мм<br>Салмағы, артық емес: 9,6 кг                                                                                                                                                                        | 1         | 85 300 | 85 300           |
|   | <b>Барлығы</b>                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | <b>50</b> |        | <b>1 130 200</b> |



Ғылым және стратегиялық даму  
вице-ректоры



А. Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А. Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т. Джатаев

### ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауардың құнына қажет болған жағдайда монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқыту да енгізілуі тиіс.

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

**Төлем шарттары:** Алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс